

5. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан: принят 4 июля 2014 года ИПС «Әділет» // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231#z1204>
6. Кодекс профессиональной этики адвокатов: принят 26 сентября 2014 года <https://aoaa-advokat.kz/pro-code/>
7. Закон Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи»: принят 5 июля 2018 года ИПС «Әділет» // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000176>
8. U.S. Constitution // <https://www.history.com/topics/united-states>
9. Bill of Rights: 1791 // Legal Information Institute. – 2014, april // <http://www.law.cornell.edu/constitution/billofrights#amendmentvi>
10. Federal Rules of Criminal Procedure // Legal Information Institute. – 2014, april // <http://www.law.cornell.edu/rules/frcrmp>
11. Federal Rules of Appellate Procedure // Legal Information Institute. – 2014, april // <http://www.law.cornell.edu/rules/frap>
12. Federal Rules of Evidence // Legal Information Institute. – 2014, april // <http://www.law.cornell.edu/rules/free>

Исмаилова Д.Ш.

Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Экономика және құқық» факультетінің, «Құқықтану» мамандығының 2 курс магистранты

(Ғылыми жетекші - Құлбаева М.М. РНД докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а.)

КОМПЬЮТЕРЛІК АҚПАРАТ САЛАСЫНДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МАҢЫЗЫ

Аннотация: Қазіргі қоғам — ақпараттық, коммуникациялық, аэроғарыштық, энергетикалық, көлік, өндірістік, биологиялық, ғылыми және өзге де жоғары технологиялармен тығыз байланысты. Ақпараттық қоғамды жаңа бастамаларға жол ашатын үлкен мүмкіндік ретінде қарастыруға болады. Дегенмен, техникалық сауаттылықтың жетіспеушілігі, ақпарат көлемінің көбеюі, қазіргі компьютерлік технологиялардың күрделілігі мен әртүрлілігі алаяқтықтың өршуіне ықпалын тигізуде. Осыған байланысты, құқық қолдану және сот практикасы бұрын болмаған алаяқтық түрлерімен бетпе-бет келді. Мақалада компьютерлік ақпарат саласындағы алаяқтықты заңнамалық реттеудің еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі даму жолдары, алаяқтықпен күресуде әлем елдері ратификациялаған халықаралық құжаттың құқықтық мәні көрсетіледі.

Түйін сөздер: заң, алаяқтық, ақпарат, қылмыс, жауапкершілік, компьютер, конвенция, авторлық құқық.

Аннотация: Современное общество тесно связано с информационными, коммуникационными, аэрокосмическими, энергетическими, транспортными, промышленными, биологическими, научными и другими высокими технологиями. Информационное общество можно рассматривать как прекрасную возможность, открывающую путь для новых инициатив. Однако недостаток технической грамотности, увеличение объема информации, сложность и разнообразие современных компьютерных технологий способствуют росту мошенничества. В связи с этим правоохранительная и судебная практика столкнулась с беспрецедентными видами мошенничества. В статье показаны пути развития законодательного регулирования мошенничества в сфере компьютерной информации в периоды до и после обретения независимости нашей страны,

юридическое значение международного документа, ратифицированного странами мира, в борьбе с мошенничеством.

Ключевые слова: закон, мошенничество, информация, преступление, ответственность, конвенция, авторское право.

Abstract: Modern society is closely connected with information, communication, aerospace, energy, transport, industrial, biological, scientific and other high technologies. The information society can be seen as a great opportunity, opening the way for new initiatives. However, a lack of technical literacy, an increase in the volume of information, and the complexity and variety of modern computer technologies contribute to the growth of fraud. In this regard, law enforcement and judicial practice is faced with unprecedented types of fraud. The article shows the ways of development of legislative regulation of fraud in the field of computer information in the periods before and after the independence of our country, the legal significance of an international document ratified by countries of the world in the fight against fraud.

Key words: law, fraud, information, crime, responsibility, convention, copyright.

Қазіргі ақпараттық технологиялар қоғамы компьютерлік техниканы, байланыс желілерін, мобильді байланыс құралдарды күнделікті тұтынуға бейімделген. Мемлекеттік құрылымдардың, банк құрылымдарының үздіксіз жұмыс істеуі ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Бүгінгі күні ұялы телефондар, компьютерлердің, элеуметтік желілердің бәрі қолжетімді ақпарат көзіне айналып отыр. Қолжетімділік ұғымы – адамдарды ақпараттандырудың қаншалықты тез уақытта жүзеге асатындығымен ғана сипатталмайды. Қолжетімділік – өзгелердің өзгенің мүддесіне қол сұғуы деген түсінікпен тең. Осы орайда интернет желісін пайдаланушылар саны күннен күнге артуда. Өйткені интернет желісінің адамға берер мүмкіндігі баршылық: басқалармен жылдам ақпарат алмасу, банктік, сауда, биржалық операцияларды жүргізу және т.б. 21 ғасыр дамыған заманауи технологиялар дәуірі болғандықтан, қоғам ақпараттық мүмкіндіктерді белсенді пайдалануда.

Өркениеттің даму тарихында қоғам мен мемлекеттің даму деңгейлері мен кезеңдерінде жалпы шешім қабылдау үшін ақпарат әрқашан маңызды рөл атқарды. Ақпарат өзінің табиғаты бойынша идеалды, әмбебап және кез келген материалдық құбылыстың жүйелі түрде бейнелену мүмкіндігін ұсынатын формада берілген. Қоғамдық даму тарихында орын алған ақпараттық революциялар қоғамдық қатынастардың түбегейлі қайта құруларына алып келеді. Осындай қайта құрулардың нәтижесінде қоғамда ақпараттың жаңа бейнесі қалыптаса бастады. Бірінші ақпараттық төңкеріс жазуды ойлап табумен байланысты орын алды. Бұл үлкен сапалық және сандық көрсеткіштерге әкеліп, қоғамның ақпараттық дамуындағы үлкен секіріс болды. Жазудың пайда болуы ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу көзі ретінде көрініс тапты. Екінші ақпараттық революцияның туындауына 16 ғ. ортасында кітап басып шығаратын аппараттың пайда болуы себеп болды. Алғашқы болып аппаратты қолданғандар Гутенберг пен Иван Федоров. Бұл кезеңде адамдардың ақпарат көздеріне қолжетімділігі артты. Бұл революция қоғамды түбегейлі өзгертті және мәдени құндылықтармен танысу үшін қосымша мүмкіндіктер жасады. Үшінші ақпараттық революция 19 ғ. аяғында жүргізілді. Теледидар, телефон, радио – жылдам тасымалдауға мүмкіндік беретін құралдар, маңызды көлемдегі ақпаратты жинауға таратуға себеп болды. Аталған революцияның салдары хабар тарату механизмі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін дамытып, қоғамдағы рөлін арттырды. Төртінші ақпараттық революция 20 ғ. ортасында компьютерлік технологияның пайда болуымен, байланыс желілері мен телекоммуникациялардың құрылуымен байланысты. Ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және беру мүмкіндігі электронды форматқа көшіп, тиімділік пен жылдамдықтың көрсеткіші ретінде көрініс тапты. Бүгін біз бесінші ақпараттық революцияны бастан кешіріп жатырмыз. Қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық желілердің жылдамдығы күннен күнге даму үстінде. Бесінші революцияның атауы – Интернет. Ақпарат бүгінгі күні күшті және нақты үлкен құндылыққа ие ресурс.

Соңғы жылдардағы Ю.М.Батурина, И.Л.Бачило, А.Б.Венгерова, М.М.Рассо, Ю.А.Тихомиров, В.А.Копылов және т.б.ғалымдар құқықтың жаңа саласын зерттеп оған

анықтама беруде. Негізгі терминдерге мыналар жатады: «құқықтық информатика», «компьютерлік құқық», «ақпараттық құқық». Жаңа саланың мазмұнын анықтайтын терминдерге мағына берген алғашқылардың бірі Ю.М.Батулин. Кең мағынада «ақпараттық және компьютерлік құқық» - ақпаратты құрайтын қатынастар жиынтығының бірігуі деген тұжырымдама жасады. Ақпаратты қолдануда, жасауда, таратуда қолданылатын техника көп. Дегенмен қоғамға, үлкен өзгеріс енгізуге себеп болған бұл – компьютер. Компьютерлердің адамзат өміріне енгеніне айтарлықтай көп уақыт өткен жоқ. 1940 жылы компьютерлерді құрастыру АҚШ, Ұлыбритания, КСРО елдерінде қатар жүргізілді. Алғашқы компьютерлік желі 1960 жылдары АҚШ-тың қорғаныс министрлігінде пайда болды. Әскери зерттеушілер құрған желіге АҚШ университеттері қосылды. Шамамен 1980 жылдардың ортасында АҚШ әскері желінің бір бөлігін тек өз мақсаттары үшін пайдалана бастады, ал желінің қалғаны бірте-бірте жалпыға қолжетімді байланыс арнасына айналды.

«Компьютерлік қылмыс» термині алғаш рет американдық, содан кейін 60-жылдардың басында басқа шетелдік баспасөзде жариялана бастады. 1983 жылы Парижде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сарапшылары компьютерлік қылмыстың криминологиялық анықтамасын берді, ол деректерді автоматтандырылған өңдеуге немесе деректерді тасымалдауға әсер ететін кез келген заңсыз, этикалық емес немесе рұқсат етілмеген мінез-құлық ретінде түсінілді. Бұл мәселе Батыс елдерінде 1960 -1970 жылдары, ал КСРО елдерінде 1970-1980 жылдарды кең тарала бастады. КСРО-да компьютерді пайдалану арқылы жасалған алғашқы қылмыс 1979 жылы Вильнюсте тіркелген. Ұрлықтан мемлекетке келтірілген залал 78,5 мың рубльді құрады. Бұл факт осы тектес құқық бұзушылықтардың халықаралық тізіліміне енгізілді және қылмыстың жаңа түрінің дамуының өзіндік бастапқы нүктесі болды. Сонымен қатар, қылмыстық жауапкершіліктің туындау негіздерін анықтау туралы мәселені туғызды. Компьютер саласындағы қылмыстарға қарсы күрес нормаларын енгізудің алғашқы әрекеті 1991 жылдың 6 желтоқсанында Ресейдің «Ақпаратпен жұмыс істеу кезіндегі құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы» заңның жобасын әзірлеуі болды. Аталған заң жобасында жасалған әрекеттер үшін тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік негіздері қарастырылып, түзетулер енгізу ұсынылды. Дегенмен, Ресейде бұл заң жобасы қабылданбады. Компьютер саласында жасалған қылмыстардың құқықтық реттеу мәселесіне қатысты келесі әрекет ретінде Ресей Жоғары Кеңесінің 23.09.1992 жылғы №3524-1 «Ресей Федерациясының электрондық есептеу машиналары мен мәліметтер базасына арналған бағдарламаларды құқықтық қорғау туралы» заңның қабылдануын атауға болады. Аталған заңмен компьютерлер мен дерекқорларға арналған бағдарламаларды құқықтық қорғауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастар реттелді. Заңның негізгі құқықтық қорғау объектісі ретінде компьютерлік бағдарламалардың барлық түрлеріне оның ішінде операциялық жүйелер мен бағдарламалар жатқызылды. Дегенмен, заңмен ұсынылатын құқықтық қорғау компьютерлерге немесе дерекқорға арналған бағдарламаның қандайда бір элементінің, оның ішінде интерфейс пен алгоритімді ұйымдастыру идеялары мен принциптеріне қолданылмады. Сонымен қатар, заңда авторлық құқыққа сілтеме жасалды. Авторлық құқық автордың шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын компьютерлер мен мәліметтер базасына арналған бағдарламаларға қолданылатындығы көрсетілді. Компьютерге арналған бағдарламаларға немесе мәліметтер базасына авторлық құқық олардың құрылуына байланысты туындайды. 1992 жылы Ресей Жоғары Кеңесінің осы сала бойынша 60-қа жуық актісі қабылданған. 1995 жылы қаңтар-ақпан айларында Ресейде жаңа қылмыстық кодекстің жобасы әзірленіп, 29-тарауы «Компьютерлік қылмыстар» деп аталды. Біздің елімізде алғашқы компьютер саласындағы қылмыстарға қатысты жауапкершілік, 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар деп аталатын тараудың, 227-бабында көзделді. 227-бап «Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату» деп аталды. Қазіргі таңда аталған қылмыстар үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының 2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодексінің 7-тарауында көзделген баптар бойынша сараланады. Компьютерлік ақпарат саласындағы

алаяқтықпен күресудегі заңнамалық базаның негізгі рөлі: заңсыз әрекеттерге санкция жариялайды, ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланушылардың деректерін қорғайды, қылмыстық іс-әрекеттерге тиісті тергеуді және қудалауды жүзеге асырады.

Интернет алаяқтықтың алдын алу әрқашан өзектілігін жылдан жылға арттырып келеді. Қоғамда соңғы жылдары көп таралған алаяқтық - банк қызметкерлерінің атынан жасалған телефон алаяқтықтары. Өткен жылы ПМ ұсынған деректері бойынша 3600 қылмыс тіркелген. Елімізде интернет алаяқтардың жолын кесу мен құпия ақпаратты ұрлауға қарсы тұру үшін «Антифрод» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіледі. Аталған жүйе алаяқтық шабуылдарды анықтауға және болдырмауға бағытталған, бұл ондаған түрлі әдістермен жүзеге асырылады. Антифрод жүйесі-банктік немесе интернет-транзакцияларды алаяқтық ықтималдығы дәрежесіне бағалауға мүмкіндік беретін шаралар кешені. Ол үшін жүйе әр операцияға белгілі бір критерийлерді қолданады, оны мұқият тексеріп, бұл туралы сигнал береді.

Компьютерлік ақпарат саласындағы алаяқтық трансұлттық қылмыс болып табылады. Қылмыскерлер әлемнің кез-келген нүктесінен заңсыз іс - әрекеттері арқылы ақпаратқа қол жеткізе алады. Сондықтан қылмыскерлердің іс - әрекеттерін саралау тек еліміздегі заңдармен ғана емес халықаралық деңгейде қабылданған құжаттармен де қарастырылады. Компьютерлік ақпарат саласында орын алатын алаяқтық тек біздің елімізге ғана тән емес, халықаралық деңгейде әлем елдерін алаңдатып отырған құбылыс. Осы бағытта 1997 жылы ақпан айында Еуропа Кеңесі министрлер комитеті киберкеңістіктегі қылмыс жөніндегі сарапшылар комитетін құрды. Комитетке компьютерлік ақпарат саласында жүзеге асырылатын қылмыстарды тергеу кезінде туындайтын құқықтық мәселелерді зерттеу міндеті жүктелді. Зерттеу нәтижесінде конвенцияның жобасы әзірленді. 2001 жылғы 18-22 маусым аралығында конвенцияның жобасы талқыланып, 23 қарашада Еуропа Кеңесіне мүше елдердің қол қоюы басталды. Компьютерлік қылмыстар жөніндегі Будапешт конвенциясы - қылмыстық құқық, азаматтық құқық, авторлық құқық салаларындағы нормаларды қамтитын құжат болып табылады және халықаралық құқықтың қағидаттарына негізделген. Будапешт конвенциясы халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ететін құқық қорғау және сот органдары арасындағы құқықтық көмек көрсету жөніндегі мәселеге де баса назар аударады. Конвенцияға сәйкес киберқылмыстардың объектісі компьютерлік ақпаратты өндіру, жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу, беру, тарату және тұтыну. Конвенцияда көрсетілген киберқылмыстың негізгі түрлері:

- ақпараттық ортаға заңсыз қол жеткізу;
- компьютерлік жүйеге кедергі жасау;
- телекоммуникациялық жабдықты заңсыз пайдалану;
- компьютерлік алаяқтық;
- авторлық және сабақтас құқықтарды бұзумен байланысты қылмыстар және т.б.

Конвенцияда компьютерлік деректер мен жүйелердің құпиялылығына, тұтастығына және қолжетімділігіне қарсы қылмыстар көрсетілген. Мысалы: жүйенің жұмысына араласу-компьютерлік деректерді енгізу, беру, бүлдіру, жою, өзгерту немесе бұғаттау арқылы компьютерлік жүйенің жұмысына елеулі кедергі жасау (5-бап). Сонымен қатар: компьютерлерді пайдалану бойынша алаяқтық - конвенцияның 8-бабында көзделген. Яғни, компьютерлік деректерді енгізу, өзгерту, өшіру немесе жасыру арқылы немесе өзі үшін немесе өзге тұлға үшін пайда табу мақсатында компьютердің немесе жүйенің жұмыс істеуіне араласу. Конвенцияда аталған барлық қылмыстар субъективтік жағынан қасақана жасалған жағдайда ғана жауапкершіліктің пайда болуына әкеліп соқтырады. Компьютерлік ақпаратты пайдалану арқылы жасалған қылмыстарда қарастырылған кінә тек іс-әрекеттің өзін ғана емес, сонымен бірге оларды заңсыз пайдалануында сипаттауы керек. Аяқталған қылмыстармен қатар конвенцияда қастандық жасағаны, қатысқаны немесе оған итермелегені үшін жауапкершілікті белгілеу қажеттілігі көзделген.

Қорытындылай келе, компьютерлік қылмыс шекараны білмейді. Бұл халықаралық ұғым және онымен күрес үйлестірілген болуы маңызды. Адам өміріне жаңа технологиялардың енуімен ақпарат алмасу жылдам болған сайын онымен күресу үлкен жұмысты талап ететіндігін дәлелдеп келеді. Ақпараттық технологиялар дәуірінде алаяқтардың жолын кесіп қылмыстық жауаптылыққа тарту күрделі мәселе. Осы орайда ұлттық заңнаманы жетілдіру және халықаралық құжаттардың қағидаттарын ұстану маңызды болып табылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі.
3. Компьютерлік қылмыстар жөніндегі Будапешт конвенциясы. 2001 жыл 23 қараша
4. А.Н.Попов, Преступление в сфере компьютерной информации // Санкт-Петербург. 2018. 4-5 бет
5. В.М.Боер, О.Г.Павельева Информационное право // Учебное пособие Санкт-Петербург. 2006. 10-11 бет
6. А.И.Белоус, В.А.Солодуха Мир электроники // М.2021. 39-40 бет

Маманов А. Б.

Магистрант 7М04201 Юриспруденция

Кокшетауский Университет имени Шокана Уалиханова, Кокшетау

СОВРЕМЕННЫЕ КОНЦЕПЦИИ РОЛИ АДВОКАТОВ В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

Аннотация. В статье рассматриваются современные концепции роли адвокатов в уголовном судопроизводстве. Особое внимание уделено изменяющимся требованиям и стандартам, предъявляемым к адвокатской деятельности в условиях демократизации правовых систем. Исследуется роль адвоката как гаранта прав и свобод личности, защитника прав подозреваемых и обвиняемых, а также его функции в процессе обеспечения справедливости и правового государства. В статье также рассматриваются международные нормы и практики, оказывающие влияние на развитие адвокатской профессии, а также современные вызовы, такие как цифровизация судебного процесса и новые формы защиты интересов клиентов. Работа акцентирует внимание на значении адвоката как независимого участника уголовного судопроизводства, играющего ключевую роль в обеспечении эффективной защиты прав человека в уголовном процессе.

В последние десятилетия роль адвокатов в уголовном судопроизводстве претерпела значительные изменения, что обусловлено не только развитием законодательства, но и изменением общественных и правовых условий. Адвокатская профессия, как одна из ключевых в системе правосудия, оказывает влияние на обеспеченность прав и свобод личности в процессе уголовного судопроизводства. Современные концепции роли адвокатов в уголовном процессе включают в себя не только защиту интересов обвиняемого, но и участие в поиске истины, обеспечении справедливости судебного разбирательства и защите прав человека.

Развитие правового государства и международных стандартов прав человека привели к необходимости адаптации адвокатской деятельности к новым вызовам. В то же время актуальными остаются вопросы об объеме прав адвоката, его обязанностях и возможностях в уголовном процессе, а также о балансе между правами защиты и правами обвинения.